

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ

Төрағасы – К. Якенова

Хатшы – А. Куатова

Қатысқандар: 20 адам

Қатыспағандар: -

### Күн тәртібінде

1. 2023 - 2024 оқу жылына арналған колледждің жалпы комплексті жоспарын бекіту – жауапты директор
2. Педагогикалық кеңестің төрайымы мен хатшысын 2023-2024 оқу жылына тағайындау – жауапты педагогикалық кеңес хатшысы
3. Колледждің қабылдау комиссиясының жұмысы туралы есебі –жауапты қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
4. 2023-2024 оқу жылына мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарларын бекіту – жауапты директордың оқу ісі жұмысы жөніндегі орынбасары
5. 2023-2024 оқу жылына оқу пәндері бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын бекіту – жауапты оқу білімінің меңгерушісі
6. Әртүрлі

### ТЫҢДАЛДЫ:

1 . Колледжіміздің директоры Якенова К. Ж. Комплексті жоспарының негізгі құрылымы жайында айтылды. 2023 - 2024 оқу жылына арналған колледждің жалпы комплексті жоспары колледждің инженерлі педагогикалық құрамының қатысуымен құрастырылғанын айта отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» келесі оқу жылына оқу жұмыс жоспарының білім бағдарламаларының реестріне тіркеу уақытында орындалуы және арнайы пән оқытушыларының қатысуымен болатынын ескере кетті.

Нормативті –құқықтық актілер туралы толық ақпарат беру үшін және колледжішілік құжаттардың талапқа сай дұрыс рәсімделуі үшін арнайы семинарлар ұйымдастыру керектігін де айтып өтті.

Колледжіміздің 2023-2024 оқу жылында ашылуына байланысты директор қарауға және бекітуге ұсынған бұйрық жобасы негізінде педагогикалық кеңесінің төрайымы - К.Ж. Якенова, хатшы ретінде Куатова Анар Нургамзаевнаны педагогикалық ұжымға ұсынды.

2. Колледждің қабылдау комиссиясының жұмысы туралы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Демеу Мадина есеп берді.

2023-2024 оқу жылына арналған ақылы бөлімге негізгі орта білім базасында колледжге қабылдау жоспары бойынша барлығы 32 білім алушы; жалпы орта білім базасында -38 білім алушыны қабылдау берілген болатын; Жоспар бойынша барлық орындарға білім алушылар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту» туралы 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы негізінде Алматы "Алатау" көпсалалы колледжіне білім алушыларды қабылдау Ережесіне сәйкес барлық құжаттар рәсімделіп оқу бөліміне тапсырылды.

3. Директордың оқу ісі жұмысы жөніндегі орынбасары Азубаева Гульназ Ермухановна 04130100 – «Менеджмент», 04110100 – «Есеп және аудит», 10130100 – «Қонақ үй бизнесі» мамандықтары бойынша орта және жалпы білім негізінде оқу жұмыс жоспарларымен таныстырды. Нормативті – құқықтық актілерді негізге ала отырып, өзгеістермен педагогикалық ұжымды таныстырып, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

4. 2023-2024 оқу жылына оқу пәндері бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын бекіту туралы Куатова Анар Нургамзаевна Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес нысандарды таныстырып, жасалу құрылымымен таныстырды.

### **ӘРТҮРЛІ СҰРАҚТАРДА**

**Колледж оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Сисенбаева А.Ж. 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жоспарының қысқаша сипаттама беріп өтті:**

1. Тәрбие жоспары бәріне біртұтас бағдарламаны 3 құндылық негізінде жүзеге асыру екенін;
2. Білім алушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, жан-жақты бақылау болу керектігін;
3. Колледжімізде «ALATAU TEAM» студенттік өзін-өзі басқару клубының жұмыс жоспары;
4. Топ жетекшілерінің жылдық жоспарына сәйкес дұрыс орындалуы қатаң түрде жүргізілетінін атап өтті.

### **ШЕШІМІ:**

1. 2023 - 2024 оқу жылына арналған колледждің жалпы комплексті жоспары бекітілсін.
2. Педагогикалық кеңестің төрайымы мен хатшысын 2023-2024 оқу жылына тағайындау назарға алынсын және қолданысқа енгізілсін.
3. Қабылдау комиссиясының жұмыс қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарлары және жалпы комплексті жоспарына тиісті өзгертулер енгізіліп, бекітілсін
5. 2023-2024 оқу жылына оқу пәндері бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бекітілсін.

Төрайым  К. Якенова  
(КОЛЫ)

Хатшы  Куатова А.Н.  
(КОЛЫ)